**ЦИКЛОГРАММА**

***Төртінші апта (26.02-02.03.2018 ж.)***

**№12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы «Гүлдер»**

**Өтпелі тақырып:** «Бізді қоршаған әлем»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау**<br>Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )<br><br>Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:** Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру | | | | |
| | Саусақ ойыны: «Менің отбасым» | Дидактикалық ойын: «Лото» | Дидактикалық ойын : «Қандай түсті зат» | Саусақ ойыны «Бақшадағы қызанақ пен кияр» | Үстел үсті ойыны – пазл: «Дұрыс әрекетті тап» |
| | **Жалаушамен орындалатын жаттығу №5** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Көркем сөз:**Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолды жу.<br>Тазалықтың досы –<br>Су дегенің осы.<br>**Ойын- жаттығу:** Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмиміз | | | | |
| **Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **№3.13 «Табиғат құбылысы»**<br>**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Шарты**: Балалар шеңбермен тұрады,тәрбиеші «су»десе қолдарын алдына созады, «ауа» дегенде жоғары көтереді, «жер»дегенде қолдарын төменге түсіреді. кім жаңылса сол ойыннан шығады. | **№2.14 «Бізге не келгенін тауып ал?»**<br>**Мақсаты**: Айтылуы мен есту жағынан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру.<br>**Шарты:** «мө-мө-мө,бұл не мөңіреп жаткн Аслан?»дейді тәрбиеші. «мяу-мяу,Әйгерімсаған келіп тұрған не?», «Айдынға біреу келді пи-пи» деді. Ол не?<br>Ойын осылай жалғаса | **№3.8 «Ажырат»**<br>**Мақсаты:** қысқы киімдерді жазғы киімдерден ажырата білу<br>**Шарты**: Қысқы киімді көк қорапқа,жазғы киімдерді сары қорапқа салу,оларды атау | **№5.17«Кім тез табады?»**<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**Шарты:** Текшеде отбасы суреттері көрсетілген суреттерді көрсету. Балалар текшеде бейнеленген отбасы мүшесін жылдам айтады. | **№5.11«Кемпірқосақ түстер» ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың түстер жайлы білімдерін бекіту.<br>**Шарты:** Тәрбиеші бір түсті атайды, ал балалар есіңе сондай затты түсіріп атайды |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | береді. | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) жүру. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, қырындап адымдау.50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеу.<br>**Барысы:**<br>1.Жүру,жүгіру Сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) жүру. түрлерін орындау.<br>2.Ж.Д.Ж.<br>3.Негізгі жаттығулар<br>- қырындап адымдау<br>-50 см жоғары көтерілген арқанның астынан еңбектеу.<br>4.Қ.О:№1.5 «Ойыншықты әкел»<br>**Жаратылыстану.**<br>**Мақсаты:** Көркемсөз арқылы балалардың мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту; | **Дене шынықтыру.**<br>**Мақсаты:** Көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүру және жүгіру. 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеу. Допты бір-біріне лақтырып, оны екі жағынан бірдей еркін қол қимылдарымен қағып алу.<br>**Барысы:**<br>1. Көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүру және жүгіру<br>2.Ж.Д.Ж.<br>3.Негізгі жаттығулар<br>-50 см жоғары көтерілген арқанның астынан еңбектеу<br>- Допты бір-біріне лақтырып,қағып алу.<br>4.№1.18 «Нысанаға дәлде»<br>**Драмма**<br>**Мақсаты:** Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіруге үйрету. Ересектермен | **ҚҰМҚ**<br>**Мақсаты:** «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. Заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру қабілеттерін арттыру.<br>**Барысы:**<br>1.Ғажайып сәт. Д.О: №3.4 «Қай қолымды көп»<br>2. Демонстрациялық материялдармен тапсырма.<br>3.Сұрақ-жауап.<br>4.Сергіту сәті.<br>5. Д.О.3.10 «Жұбын тап» | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Белгілі арақашықтықта жүру және жүгіру. Допты бір-біріне лақтырып, оны екі жағынан бірдей еркін қол қимылдарымен қағып алу. Затты тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) 1,5–2 м арақашықтықтан және көлденеңінен (2–2,5 м арақашықтықта) оң, сол қолмен лақтыру.<br>**Барысы:**<br>1. Белгілі арақашықтықта жүру және жүгіру.<br>2.Ж.Д.Ж<br>3.Негізгі жаттығулар.<br>- Допты бір-біріне лақтырып,қағып алу.<br>- Затты тігінен 1,5–2 м арақашықтықтан және көлденеңінен оң, сол қолмен лақтыру.<br>4. №1.14 «Қақпаға дәлдеп тигіз»<br>**Орыс тілі**<br>**Мақсаты:** Учить называть группы предметов ближайшего окружения и их | **Сөйлеуді дамыту**<br>С.Мәуленовтің «Бәрі – бәрі жұмыста» тақпағын жаттау. Үлгі бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Сөздік қорларын байыту. Мамандық (тәрбиеші, мұғалім, дәрігер) иелерінің кейбір түрлерімен таныстыру. Қоршаған ортаның жан-жақтылығы жайлы түсініктерін көркем туындылар (мамандық) арқылы кеңейту.<br>Барысы:<br>1. Баллалармен шағын әңгіме жүргізу.<br>2. С.Мәуленовтің «Бәрі – бәрі жұмыста» тақпағын жаттау.<br>3.Сергіту сәті<br>4.Д.О. «Құралдарын тап» Қортындылау<br>**Сурет салу**<br>**Мақсаты:** Заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салуға үйрету. Сурет салудың техникалық дағдыларын жетілдіру. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қоршаған орта туралы түсініктерін қалыптастыру; жаңа сөздермен сөздік қорды байыту.<br>**Барысы:**<br>1.Балалармен шағын әңгіме жүргізу.<br>2.Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Видео.<br>3.Д.О. «Құралдарын тап»<br>4.Сергіту сәті.<br>5.Сұрақ-жауап. «Өскенде мен кім боламын?»<br>Қортындылау<br>**Музыка.**<br>**Мақсаты:** Балалардан өсекендегі кім болғысы келетіндерін сұрап, қаржының еңбек арқылы келетінін айтып Ансамбльде, ән айтуға, өлеңді бір мезгілде бастап, қатар аяқтауға, музыкалық фразалардың арасында дем алуға үйрету ұғындыру.<br>Барысы:<br>1. Ән тыңдау:«Мен | және құрдастарымен қарым-қатынас туралы түсінік беру.<br>**Барысы:**<br>1.Баллалармен шағын әңгіме жүргізу.<br>2.Сұрақ –жауап.<br>3.Д.О:№2.8 «Кім солай сойлейді?»<br>4.Сергіту сәті<br>5. «Қай кейіпкер сізгі ұнайды?»Сұрақ-жауап. Қортындылау.<br>**Вариативтік компонент**<br>**Мақсаты:** а) Жаман әдеттер туралы мағынасын түсіндіру; ә)ойлау, есте сақтайтын қабілеттін дамыту;<br>б)отбасына деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>1.Сұрақ-жауап.<br>2. Жаман әдеттер туралы тақпақ оқу. Видеолар көрсету<br>3.Саусақ жаттығуы «Менің отбасым»<br>4.2-3мақал-мәтелдер жаттау.<br>5.Д.О: №2.18 «Кім тез табады» | | признаки. Закреплить навыки правильного использования слов и выражений при ответе на вопросы.<br>**Барысы:** Вопросы-оветы, Д/И: «Чудесный мешочек»<br>**Аппликация.**<br>**Мақсаты:** Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері<br>2.Д.О.№4.4 «Кемпіркосақ»<br>3. Сұрақ жауап.<br>4. Заттың бейнелерін құрастырып содан кейін оны желімдеу.<br>5.Сергіту сәті<br>Қортындылау. | **Барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері<br>2.Сұрақ-жауап<br>3.Д.О: №4.7 «Жылы және суық түстер»<br>4. Заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салу<br>5.Сергіту сәті<br>Қортындылау.<br>**Вариативтік компонент.**<br>**Мақсаты:** Ертегіні сахыналау дағдыларын арттыру. Мейірімділікке жанашырлыққа тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>1. Балалармен шағын әңгіме жүргізу.<br>2. Ертегіні сахыналау «Қасқыр мен жеті лақ»<br>3.Қ.О: №1.29. «Қасқыр мен лақтар»<br>4.Достық туралы 2 мақал жаттау.<br>Қортындылау. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дәрігер боламын»(Ә. Бейсеуов, Сабырхан Асанов)<br>2.Дауыс жаттығуы: До – ре – ми<br>3.Ән айту: «Етікші»(Қ. Мырза Әлі, Д. Ботбаев)<br>4.Ырғақты би: «Көңілді би»<br>5.Аспапта ойнау: «Біз өмірдің гүліміз» | Қортындылау | | | |
| **Серуен:** | **Ауа-райын бақылау.**<br>**Бақылау**<br>Жансыз табиғатта балаларға қыс жөніндегі өзгеріс туралы түсінігін калыптастыру.<br>***Желтоқсанда*** ең қысқа күн, күннің көзі сирек қонақ, ауа-райы бұлыңғыр, жиі қар жауады, бірақ ол ерімейді. Бірақ қар терең емес, одан түскен жапырақтар және құрғақ өсімдіктер көрінеді. Ауаның температурасы нөлден төмен.<br>***Қаңтарда*** күн көбейеді,айқын жарқырайды, бірақ күннің көзі жылытпайды, ең күшті аяздар тұрады, барлығы қармен жабылған, ағаштарға | **Қар басуын бақылау**<br>***Бақылау***<br>Балаларға қар басуы жөнінде түсініктеме беру. Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру, айнала қараңғыланады және қар түсе бастайды; аспаннан жапалақтанған тасқыны ұшқандай сезіледі (ұлпа, ақ, жеңіл).Жан-жағымыз қозғалысқа толған және тыныштық .Қар, жүн көрпесі секілді, жерді қымтайды.<br>Қар кесектелген немесе жеке қиыршақталған секілді жауып тұр ма, соны ажырата білуге үйрету. Сөйлей білуді, ойлауды, елестетуді дамыту.Жансыз табиғаттың құбылысына қызығушылығын тәрбиелеу.Ауа-райы әсемдігіне эстетикалық қарым-қатынасты тудыру. | **Желді бақылау.**<br>***Бақылау***<br>Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру.<br>Флюгер түтіннің бағыты ағаш бұтағының қозғалысы бойынша желдің күштілігін анықтауға болатынын үйрету. Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>**Жұмбақ**<br>Бір нәрсе көрінбейді бар ғой өзі,<br>Адамзат ол нәрсені көрмес көзі.<br>Жансызды қимылдатып жанды қылар,<br>Ызылдап, ызың қағар айтқан сөзі.(жел)<br>Өлең.<br>«Желдің түсі қандай»?»<br>М.Алимбаев.<br>***Қозғалыстағы ойын***<br>«Екі аяз»<br>Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға | **Ағаш пен бұталарды бақылау**<br>***Бақылау.*** Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы түріне аудару (жапырақ жоқ), жапырақсыз ағаш бұталарының аспан түстес екендігіне назар аудару.<br>Ағаштың сыртқы түрлерін ажырата білуге жаттықтыру (ағаштың пішіні, бұтаның орналасуы, тамырдың түрі мен сыртқы пішіні) ағаштың: терек, қайың, шырша, гүлшетен, алма ағашы; бұталар: долана,жұпаргүл, сарықараған, шие. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының жұмсақ және тез сынғыш болатынын түсіндіру.<br>Балаларды ағашқа сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.<br>***Көркем сөз.*** *«Қарағай»*<br>*Тау баурайы -жағалай* | **Қардағы іздерді бақылай білу**<br>***Бақылау***<br>Қарда түрлі іздердің калатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі крест сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың сөйлеу тілдерін дамыту.<br>***Көркем сөз***<br>*Ойын ойнап ,міне біз,*<br>*Қыс қызығын көреміз.*<br>*Шанаға да мінеміз,*<br>*Шаңғыны да тебеміз.*<br>**Жұмбақ**<br>Мен кетемін, ол қалар. (із)<br>**Тақпақтар** « Алғашқы қар» Т.Мұратұлы.<br>Көктемгі шие гүлі ме,<br>Қарғалар көкте жай ұшып, |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қырау тұрады.<br>***Ақпанда*** күшті жел соғады, боран болады: ақпан айының соңында күннің қосылғаны байқалады, ең алғашқы мұздар пайда болады, күннің көзі жан-жағына шуағын шашады.<br>Қыс табиғатының әсемдігіне, сүйіспеншілікке тәрбиелеуге талаптандыру.<br>Жаңылтпаш<br>Қыс қыспаса қыс па,<br>Құс ұшпаса құс па?<br>Ырым<br>Қыс жылы болса-жаз салқын болады.<br>Өлеңдер<br>«Қыс» А.Құнанбаев.<br>Қимылды ойын.<br>«Кеглінi құлат»<br>Кегліні құлата отырып, клюшка көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу.<br>***Еңбек қызметі***<br>Қардан демалыс орнын тазарту.<br>Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету.Еңбек ету ынтасына тәрбиелеу.<br>***Дидактикалық*** | Жұмбақ.<br>Ұстай қалсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер.<br>(қар)<br>Болжау<br>Қар түссе-күн жылынады<br>Жаңылтпаш<br>Қыста боран борар, қар борар,<br>Қыздар шәлі орамал оранар.<br>Өлең.<br>«Алғашқы қар» А Оразақын.<br>***Қозғалыстағы ойын***<br>«Қармен аулау білу»<br>Балаларды қардан айналудан,(ортада) шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету.Нысанаға қарды ата білуге бейімдеу. Ойын ережесін айқын орындауға үйрету.<br>***Еңбек қызметі***<br>Қардан қарлы дуал жасау<br>Өз бетінше шана, жәшіктер, ағаш күректер дайындау.Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу.Қиыншылықтарды жеңе білу.<br>***Дидактикалық ойындар.***<br>***Тәжірибелер және эксперименттер.***<br>« Қар қиыршықтарын қарастыр»<br>***Тәжірибе***.балалар қар қиыршықтарын қарастыруда.<br>***Қорытынды***. Барлық әр түрлі қар қиыршықтарында | қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлу талабына тәрбиелеу.<br>***Еңбек қызметі***<br>Қардан жолды тазарту<br>Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды тазартуға және сыпыруға үйрету; Еңбек құралдарымен қолдана білуін нығайту, оларды тазалықта және тәртіпте ұстау.<br>***Дидактикалық ойындар.***<br>***Тәжірибелер және эксперименттер.***<br>***Тәжірибе.*** Желдің күштілігін анықтау.<br>Әр түрлі белгілері бойынша (жел бар ма, күшті, әлсіз) желдің күштілігін анықтауға балаларды жаттықтыру, қай бағытта екенін анықтау.<br>***Тапсырма***. Желдің қалай ысқыратынын тыңдау. Қадағалауын дамыту.<br>«Жақсы-нашар»<br>Табиғаттағы қарама-қайшылығын, құбылыстың біркелкі еместігін, жанды және жансыз өзара байланысын, тілді дамытуды, ойлауды, көре білуге үйрету (желдің ықпалымен өтіп жатқан өзгерістерді, жағдайларды атау ұсынылады,- жағымды және жағымсыз) . | *Биік-биік қарағай.*<br>*Оқтай түзу бойлары,*<br>*Шымыр өскен баладай.*<br>**Жұмбақ**<br>Жазда жатсаң-көлеңкесіне алады,<br>Қыста жақсаң -жаның рақат табады. (ағаш)<br>***Болжамдар***: Егер жаңғақ шыршаның астыңғы жағында өссе- ерте суық түседі деген белгі, егер жоғары өссе-қыстың соңы суық болады.<br>Ағаштан алма толық түспейінше- қыс болмайды.<br>**Тақпақ**<br>«Қыс келбеті» М.Әлімбаев<br>Аққу мамық ұлпа қар,<br>Жамылады қырқалар.<br>Шымшып аяз бетіңді,<br>Ширатады етіңді.<br>**Қимылды ойындар.**<br>«***Шаңғы жарысы***»<br>Дыбысқа деген іс-әрекетті бекіту (шанада отырып, аяқпен итеру; ішінен жатып, қолмен итеру).Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатысуға ынталандыру.<br>***Еңбек әрекеті***<br>**Ағаш және бұта түптеріне қарды үю.** Ағаш және бұта түптеріне қарды үю және еңбектің маңыздылығын білуге үйрету.Жақсы ынтамен еңбектенуге тәрбиелеу.<br>*Дидактикалық ойындар.*<br>*Эксперимент және* | Сала ма еске мақтаны.<br>Бірінен –бірі озбайды.<br>Қар жауып тұрды түнімен,<br>Ағаштар үнсіз майысып,<br>Күн шыға барып тоқтады.<br>Сынып бір кете жаздайды.<br>**«Қар»**, Т.Шопашов<br>Жауды,міне,қар аппақ,<br>Қазақ жері-сәніміз,<br>Қазақ жері-бағымыз.<br>Мәуесі мол бағымыз.<br>Қойнауынан мөп-мөлдір,<br>Саясында жетілер,<br>Сусындайды жанымыз.<br>Балдай бала шағымыз.<br>**Қозғалыс ойындары**<br>**«Нысана»** Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу.Қызығушылықтарын арттыру.<br>*Еңбекқызметі.*<br>**Ұяны тазалау**<br>Өз беттерінше және жауапкершілікпен ұяны тазалап, еңбектерін бағалай білуге үйрету.<br>*Дидактикалық ойындар.*<br>*Эксперименттер және тәжірибелер*<br>**«Іздің құпиясын кім тез табады?»**<br>Қашықтықты бағыттай білу, зеректілік қабілеттерін бекіту<br>**«Не себепті құстардың ізі, үзілетіндігін түсіндіру»**<br>(құстар ұшады,қанатын және құйрығын ашқандықтан-қарда басқа із қалдырады). |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер.*** «Ауа-райы»сөзіне анықтаманы іріктe» *(Қарлы, аязды, суық,күн шуақты, желді және т.б.)* Тапсырма. Балаларға қар бетінде жүріп өтуді және аяқ астында қалай сықырлайтынын тыңдауды ұсыну.<br>*Өз бетінше іс-әрекеті*<br>Әр балаға оны қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіншілік беру. | сәуле саны бірдей.<br>***Қармен тәжірибе.*** Стаканға қар салып топқа алып келу. Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту.Өз бетінше қорытынды жасауға үйрету. Әуесқойлығын және қызығушылығын дамыту. | | *тәжірибе.*<br>**«Ағаш па әлде бұта ма?»**<br>Балаларға суреттеу арқылы ағаш па әлде бұта ма екенін тапқызу.<br>Тапсырма. Аязды күндері ағаштың жарылуын тыңдау. | *Өз бетінше іс-әрекет:*<br>Ойын барысында балалар өзара қарым-қатынас жасау арқылы норманы және ережені меңгеру қабілетін ояту(жүргізу мәдениеті, достық,ұжымдық түсінушілік). |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі,дербес ойынәрекеті. Киімдерін әдемілеп жинап жәшіктеріне салып қоюға баулу. Өз-өздеріне қызмет жасау. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.<br>**Ойын- жаттығу:** Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмиміз | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.<br>Шынықтыру шарасы.<br>Әдемі ирек жолдармен<br>Лақтарша біз ойнақтап<br>Тастан-тасқа секіріп<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі<br>Массаж жасау білеміз.<br>Арнайы жолдармен жүру.<br>**Ойын- жаттығу :**Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.Үстел барысында дұрыс отыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | Сюжетті-рөлдік ойын «Дүкенші» «Дені саудың жаны сау» және тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру | Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр»; Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. | Ойын – жаттығу «Қуыршықты жуындыр»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. | Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика | Сюжеттік-ойын «Дәрігер» ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру; |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкеғс жеке жұмыс** | Ш.Әбілмансурге тәулік мерзімдері «таңертең, күндіз, кеш, түн»(видео) жайлы түсініктерін қалыптастыру. | Төреханға ермексазды илеу әдісін көрсету | Миридамен Отан туралы тақпақ жаттау | 4 дейін Златаға санауды үйрету | Кәусарға суретті беттін үстінде дұрыс орналастыруды көрсету |
| | Жабайы жануарлар туралы әңгімелесу «Жабайы жануарлар тіршілігі»(сурет қарастыру) **Мақсаты**:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Әңгіме құрастыру «Бізді қоршаған орта?» **Мақсаты:**балалардың жабайы жануарлар туралы білімдерін арттыру. | Дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық» **Мақсаты:** баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу **Мақсаты:**қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Дидактикалық ойын «Атын атап бер» **Мақсаты:**түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен** | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Анаң мен әкеңнің есімдерін ата», « Кімнің үйінде мысық бар?» және т.б. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Психологтің кеңесі: мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Кеңес: Балалардың тәрбиесі үйден басталады. |

**Тәрбиеші:** Хасанова Ш.М. Дарибаева Н.Қ.

Тексерілді:

Scanned by TapScanner